

“Ақ иық сұңқар” Сеңкібай батыр

Қазақ жері - ата-бабамыздың қалдырған асыл мұрасы, алтын көмбесі. Сан асылдың сынығы.

Қилы-қилызаманды бастан өткерген қазақ өмірдің әр тірлігіне терең бойлай отыра, теңдесі жоқ қазақ Жерін атадан балаға мұра ретінде зерделінің ойында Жетіліп, қас батырларымыздың білегінің күші, найзасының ұшымен елін, Жерін қорғап, қаны мен тері тамған киелі қазақ жері бізге мирас болып қалып отыр. Сол кен байтақ қазақ елінде біздің көк байрағымыз желбіреп, бақытты өмір сүрудеміз. Бабаларымыздың ерен еңбегін айтып, бағалап отыру-өскелең ұрпақтың міндеті. Қазақтың батыры әрі шешен биі Сеңкібай Оразғұлұлы жайлы сөз өрбіткім келеді. Ол 1709 жылы туып, 1786 жылы қайтыс болған. Сеңкібай батыр Мойнақ би атасының қолында тәрбиеленіп, Абылай ханның оң қолы болған.

Сеңкібайдың шыққан тегі жөнінде қазақ шежресінде былай таратылады: Арғын Болатқожадан (Қаракесек) Ақша, Түйте ұрпақтары тарайды. Түйтеден Майқы, Танас, Майқыдан Әлтеке, Сарым. Танастан-Тымырысқы сары, Садақты сары, Тымырысқыдан Бәтшор, ҚараШор, Қызшор, Ақшор шығады. Садақты Сарыдан Түмен, одан Қожас, одан Бекбас туады. Бекбастан Мойнақ, Боркөз, Оразғұл. Оразғұлдың бірінші әйелінен Сеңкібай, Ақкісі, Желтеу, Найза, Қылыш, Ақжол тарайды. Екінші әйелінен Шой, Тайсары, Қойсары. Осы тоғыз ұлдың ең үлкені «Биата» аталып кеткен Сеңкібай баба екен. Сеңкібайдан Сарыбай батыр, одан Ұрыңқай, Шондыбай, Ұрыңқайдан Қосбабай. Одан Мұқыш, одан Адай. Ал, Шондыбайдан Иса қажы, Исадан Ормамбет би, Одан Зәкіш.


Шежіреде аталып өткен бұл ата-бабалардың сонау Болатқожадан бастап Сеңкібай батырға және одан кейінгі перзенттеріне (қазақтың тұңғыш ғарышкері Совет Одағының Батыры Тоқтар Әубәкіров, дарынды дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, т.б.) дейін шетінен ел қамын ойлаған, халқын ішкі-сыртқы жаудан қорғаған батыр, би шешен кісілер екен.

Сеңкібай сынды жас батырын айбынды Абылай хан «Ақ иық сұңқарым» деген екен. Мұнын мәнісі былай:

...Түн ортасы ауа Абылай қалғып кеткен екен. «Аттан, Аттан! Жау келіп қалды» деген үрейлі дауыстан олар атып тұрады. Есік алдына көлденеңдей тартқан «Жалын құйрығына» қарғып мінеді де: «Баян батыр, өз мыңдығыңмен жауға қарсы аттан, Сеңкібай сен жасағынмен орданы қауіпсіз жерге орналастыр. Ордаға ие болу сенің міндетін»-деп атына қамшы басады.

Айсыз қараңғы түн. Нөсерленіп құйған жауын, аттандаған үрейлі үн. Қапылыста тиген жау қолының қанша екенін болжап білер емес, жан-жақтың бәрі айқай-шу. Кімнің жау, кім өзіндікі екенін ажырату қиын. Толассыз құйған нөсерден қалың қамыс арасы аздап дегділеу болғанымен, оның айналасы ми-батпақ. Аузы томшаланған, қом салынған түйелер тайғанақтап жүреалмайды. Сеңкібай жасағы қарсыкеліп қалған оншақты жау-

ды шаншып тастап, Абылайдың Орданы өзеннің батыс жағына көшір деген тапсырмасына кіріседі. Бірақ, ол жақ сор батпақты және ашық алаңқай болатын. Қаптаған



Жаудың ұрандаған дауысы құлақ жарады. Қалың қамыс ішінен жол тауып болар емес.

Сеңкібай Орданы алып шығудың лажын келтіре алмай қатты сасады. Әбден қысылған ол атынан қарғып түсіп, құбылаға қарап қол жайып: «Иә, аруақ, Алаш бабам, Қарақабатанам жар бола гөр?! Қызырғалайәссалам, Қырық Шілтен әулие өзін қолда!» деп бетін сипай бергенде, көз алдына саңқылдаған бүркіт елестейді. Ол «иә, аруақ!» деп атына қарғап мініп, жасағына «Орданы осылай қарай тартыңдар» деп өзі бастап қалың қамыс ішіне сұғына кіреді. Бүркіт үні қалайестілсе, солай қарай жүреді. Әйтеуір, өлдім-талдым дегенде таң да атып жан-жағы қалың қамыспен, өткелсіз жалпақ сумен қоршалған үлкен алаңнан бірақ шығады. Сол жерде орданы орналастырып, арнайы қалдырып, Сеңкібай жасағымен Абылай және Баян қолыңіз деп кетеді. Кешегі батырлар кенесіндегі шешімдері сәтті болып, жауды қапылыста қансырата тас-талқан етіп жеңіп шығады олар.

Абылай түнгі ұрыс қорытындысын шығарып, Сеңкібайдың Орданы қауіпсіз жерге орналастырғанына ризалық білдіреді. Орда ішіндегі адамдар Сеңкібайдың тапқырлығына, қараңғыда жол тапқанына, бүркіт үнінің саңқылдағанын өздері де естігеніне алғыс сезімін білдіреді. Бұл тосын жағдайды білген Абылай «Иә, Сеңкібай, онда сен айсыз түнде, нөсерлі жаңбырда қалың қамыс ішінде адаспай жүретін түнде ұшатын Алтайдың ақ сұңқары болдың ғой. Бұдан былай сені «Ақ иық сұңқар» деп атайық!» депті. Содан былай Сеңкібай Ақ иық қыран, көріпкелі бар киелі батыр атанып кетеді.

Қазіргі кезде әулиенің мазары Шет ауданы, Талды ауылында орналасқан. Әулие басына зиярат етіп келетін адамдар саны толаассыз. Олар құрбандыққа мал шалып, құран оқытып батыр әруағына құлшылық етіп сыйынады. Бір таңғалатын жайт, осы киелі мекенге адал ниетімен келетін адамдардың тілегі әрдайым қабыл болып, орындалып жатады. Осыдан ұғынатын нәрсе бабаларымыз тек қана батыр емес, әулие адамдар екеніне тағы бір мәрте көзіміз жетіп отыр. Киелі қазақ елім, одан әрі көркейіп дами бер!

Жанна ИБРАЕВА,
Қарағанды экономикалық
университетінің
3 курс студенті.